«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕСІ

071400, Абай облысы, Семей қаласы
Достоевский көшесі, 110 үй
e-mail:abai_madeniet_baskarmasy@mail.ru

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА ОБЛАСТИ АБАЙ»

071400, область Абай, город Семей
улица Достоевского, дом 110
e-mail:abai_madeniet_baskarmasy@mail.ru

БҰЙРЫҚ
Абай облысы, Семей қаласы
17 сәуір 2023ж № 24

ПРИКАЗ
область Абай, город Семей

Мәдени іс-шара ұйымдастыру туралы

«Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңының 8-бабының 1-тармағының 4-1), 5) тармақшаларына сәйкес Оразғали Сейтқазы атындағы I Республикалық «Киелі қобыз» қобызшылар байқауын өткізуге байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 11-12 мамыр күндері Оразғали Сейтқазы атындағы I Республикалық «Киелі қобыз» қобызшылар байқауын өткізу Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бөлім басшысы Толқын Берікбекқызы Берікбековаға жүктелсін.

2. Байқаудың шығындар есебін дайындау «Абай атындағы театр» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының директоры Амангельды Талгатбекович Бахтиновқа жүктелсін.

3. Байқауды ұйымдастыру бойынша «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру «Абай атындағы театр» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының директоры Амангельды Талгатбекович Бахтиновқа жүктелсін.

4. Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Бексултанов Ернар Аскабылович осы іс-шараның қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының 2023 жылғы іс-шаралар жоспарының 25-тармағы.

Басқарма басшысы **А. Ибраев**